

Ахметшина З.Р, 4 курс студенті Несіпбек Ш.

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университет, Қазақстан Республикасы

ОТАНШЫЛДЫҚ СЕЗІМДІ ТӘРБИЕЛЕУ

Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің “Қазақстанның болашағы-қоғамның идеялық бірлігінде”, “Тарих толқынында” деген еңбектерінде идеялық мәселелерге топтасудың керек екенін айтып, бірігуге шақырып, бұл міндетті жүзеге асыруда білім берудің, отбасы, еңбек ұжымы сияқты дәстүрлі институттардың маңызды роль атқаратынын, олардың ықпалы ерекше тиімді болатынын баса айта отырып, “Біздің тағы бір аса маңызды идеологиялық міндеттеріміз-Қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу, әрбір азаматтың өзін-өзі айқын билеу. Олай болса, осы міндетті орындау жолында тәрбие мәселесін қолға алып, ұрпақтарды аздырмай-тоздырмай қазіргі сауда-саттықтың, алдау-арбаудың ықпалына жібермей, етегіне сүйретпей еліміздің болашақ өркениетті дамуын алға бастыртатын адамдарын тәрбиелеуіміз керек”, - деп атап өтеді.

Отаншылдық сезімді тәрбиелеу мәселесі білім берудің барлық ұйымдарында көкейкесті болып табылады. Жастарды Отанды, туған жерді, өзінің халқын сүйуге тәрбиелеу – аға ұрпақтың аса маңызды әрі жауапты да қадірменді парызы болып саналады. Әр дәуірдің тарихи кезеңдерінде Отансүйгіштікке тәрбиелеудің өзіндік мүдделері болады. Ол ең алдымен, “ұлтжандылық”, отансүйгіштік”, “патриотизм”, ұғымдары өмір сүріп отырған заманның наным – сенімінен туындайды. Еліміз егемендік алғаннан бері жас ұрпақ тәрбиесінің темірқазығы – қазақстандық патриотизм болып табылады.

“Қазақстандық патриотизм” ұғымы біздің тәуелсіздігімізбен қоса туған жаңа сөз болып, еліміздегі саяси-әлеуметтік ахуалдың ерекшелігін білдіреді.

Бүгінгі өскелең ұрпаққа ғаламдастыру дәуірінде өз халқының төл мәдениеті, тілі мен салт- дәстүрін әр оқушының бойына сіңіре отырып, отансүйгіштікке баулу қазіргі тәрбие жүйесінің өзекті мәселесі. Егеменді еліміздің болашағы жас ұрпақты шындап өсіру, білікті азамат болып

қалыптасуын қамтамасыз ету- бүгінгі таңда ең басты мақсат болып табылады. Өйткені еліміздің болашағы жас ұрпақ – ұлттық сана- сезімі оянған, адамгершілігі және рухани ойлау дәрежесі жоғары дамыған, мәдениетті, парасатты, ар- ожданы мол, салауатты, бойында жоғары патриоттық санасы, өз елі үшін мақтаныш сезімі қалыптасқан азамат етіп тәрбиеленуі тиіс.

«Патриотизм»- ғасырлар бойы жинақталған ең терең сезімдердің бірі. Отанға деген сезім болмаса, патриот болу мүмкін емес. Біздің ата- бабаларымыз Отанын сондай сүйіп, оны барлық жаулардан қорғап, бүгінгі ұрпаққа сый ретінде ұсынды десек болардай. Отанның гүлденуіне және оны қорғауға деген патриоттық сезім адам жүрегінде өмір сүрген, өмір сүре бермек. Бірақ патриоттық сезім адамда өзінен өзі не болмаса туа пайда болмайды. Ол ерте жастан адамға әсер ететін, ұзақ мақсатты түрде бағытталған тәрбиенің қорытындысы. Патриотизм ортаның, отбасындағы тәрбиенің, мектептің, мектепке дейінгі мекеменің және түрлі қоғамдық ой- пікірлердің әсер етуімен қалыптасады. Патриоттық тәрбие берудің басты бағыты – Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы мен еліміздің мемлекеттік нышандарын: Әнұранын, Туын, Елтаңбасын оқушыларға үйрету және орындату мәселелері. Еліміздің Конституциясын бұлжытпай орындау, мемлекеттік нышандарға құрметпен қарап орындау, құқықтық- саяси және этикалық әдет- ғұрып мәдениетін тәрбие беруде оқушы бойына сіңіруді қалыптастырады. Қазақ тарихын зерттеуші ғалым Ш.Уәлиханов отансүйгіштік сезімнің қалыптасуы туралы «менің патриоттық сезімім ірбіт сандығындай, мен ең алдымен, өз отбасымды, туған-туыстарымды қадірлеймін, одан соң ауыл-аймақ, ел жұртымды, руластарымды, одан соң халқымды қадірлеймін», – деген еді.

Қазақстандық патриотизмнің негізі – ежелгі ұлттық салт-дәстүр, әдет- ғұрып, аңыз, ертегілер, жырлар, кешегі кеңестік ортақ дәуір, Ұлы Отан соғысындағы түрлі ұлт өкілдері-қазақстандық батырлардың ерліктері туралы тарихи деректер болып табылады. Кез келген ұлттың толыққанды ұлт болып қалыптасып дамуы үшін оның ұлттық санасы, ұлттық құндылығы және ұлттық мүддесі болуы керек. Бір ұлтты екіншісінен ерекшелендіріп тұратын оның: тілі,

ертегілері, мақал-мәтлдері, лиро-эпостық және батырлар жыры, әдет-ғұрпы, салт-санасы, менталитеті, мәдениеті, өнері, тағамдары, ұлттық қолөнері, тұрмыстық бұйымдары, ұлттық ойындары т.б өзгелерге ұқсамайтын қасиеттері. Ұлттық құндылықтар ғасырдан ғасырға жалғасқан, тарихтың сынынан өтіп, пайдалы екені дәлелденген. Бүгін бізге батыстың желімен домалай беретін қаңбақ ұрпақ керек емес, пайдасын алып, зиянын бойына дарытпай, дауылға қарсы тұра алатын, тамыры терең бойлаған білікті ұрпақ керек. Қазақ қыздарының нәзіктігі мен ибалылығы жоғалып барады. Жат қылықтарға әуес ұрпақ өсіп келеді. Осының бәрі қоғамымыздың ұлттық салт-дәстүрге, әдет-ғұрыпқа қаншалықты зәру екенін байқатады. Ұлттық тәрбиеден алыстаған сайын, көлденең кесепаттардан шыға алмай келеміз. Сондықтан, жас ұрпақты толыққанды отбасында тәрбиелеудің маңызы зор. Бізге ең бастысы ойды, миды оятуымыз кере. Себебі, ой-парасаты мықты ел мақсатына жетеді, олардың болашағы жарқын болады.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Назарбаев Н. Қазақстан – 2030. Ел Президентінің Қазақстан халқына жолдауы.
2. Кенжалин Ж. Ұлт рухын ұлықтаған ұрпақпыз. – Алматы, 2005.
3. Шаяхметова М. Жоғары білім беру жүйесінде болашақ педагог маманның этникалық толеранттылығын қалыптастырудың моделі // Ұлт тағылымы. -Алматы, 2009.
4. Жастарға отаншылдық тәрбие берудің кейбір өзекті мәселелері. //Қ.А.Яссауи атындағы ХҚТУ хабаршысы. – Түркістан, 2006.
5. «Қазақстан Республикасының азаматтарына патриоттық тәрбие берудің 2006-2008 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы». Қ.Р. Президентінің Жарлығы Астана, Ақорда, 2006 ж. қазанның 10-ы. №200
6. А.Байтұрсынов. Тіл тағылымы, Алматы, Ана тілі, 1991 ж, 444 б.